

Байланыс саласындағы аймақтық ынтымақтастық Байланыс әкімшіліктерінің Басшылары кеңесінің 27-мәжілісіне дайындық және оны өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 8 маусым N 613

Байланыс саласындағы аймақтық ынтымақтастық Байланыс әкімшіліктерінің Басшылары кеңесінің 27-мәжілісі 2002 жылғы 10-11 маусымда өткізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің және Байланыс саласындағы аймақтық ынтымақтастық Байланыс әкімшіліктерінің (бұдан әрі - БАЫ БӘ) 2002 жылғы 10-11 маусым кезеңінде Астана қаласында БАЫ БӘ Басшылары кеңесінің 27-мәжілісін (бұдан әрі - мәжіліс) өткізу туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қоса беріліп отырған БАЫ БӘ Басшылары кеңесінің 27-мәжілісіне дайындық және оны өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде нақты ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне БАЫ БӘ Басшылары кеңесінің 27-мәжілісін өткізуге, оның ішінде делегация басшыларының тұруына 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 2 230 800 (екі миллион екі жүз отыз мың сегіз жүз) теңге сомасында қаражат бөлсін, сондай-ақ Балтық елдері мен алыс шетел делегациялары үшін келу және кету құжаттарын

ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Үкіметінің
2002 жылғы 8 маусымдағы
№ 613 қаулысымен
бекітілген

Байланыс саласындағы аймақтық ынтымақтастық Байланыс әкімшіліктерінің
Басшылары кеңесінің 27-мәжілісіне дайындық және оны өткізу
жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының
Жоспары

№	Іс-шара	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
---	---------	-----------------	----------------------

1	2	3	4
---	---	---	---

1.	Байланыс саласындағы аймақтық ынтымақтастық Байланыс әкімшіліктерінің Басшылары кеңесінің 27-мәжілісін (бұдан әрі - БАЫ БӘ Басшылары кеңесінің мәжілісі) өткізу бағдарламасын дайындау	2002 жылғы 25 сәуір	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
----	--	---------------------	--

2.	БАЫ БӘ Басшылары кеңесінің мәжілісіне дайындық және оны өткізу жөніндегі шығыстар сметасын бекіту	2002 жылғы 25 сәуір	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
----	---	---------------------	--

3.	БАЫ БӘ ресми делегациялары басшылары мен мүшелерін Астана қаласының әуежайында қарсы алуды және шығарып салуды ұйымдастыру	2002 жылғы 9-12 маусым	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
----	--	------------------------	--

4.	Делегацияларға Астана қаласы бойынша көліктік қызмет көрсету	2002 жылғы 9-12 маусым	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
----	--	------------------------	--

5. Делегациялар басшыларын "Окан Интерконтиненталь" қонақ үйіне және делегациялар мүшелерін "Турист" қонақ үйіне орналастыруды ұйымдастыру 2002 жылғы Қазақстан Республикасының 9-12 маусым Көлік және коммуникациялар министрлігі
-
6. "Окан Интерконтиненталь" қонақ үйінің мәжіліс залын жалға алу және мәжілісті техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру 2002 жылғы Қазақстан Республикасының 9-12 маусым Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша)
-
7. Делегациялар басшылары үшін сыйлықтар сатып алу 2002 жылғы Қазақстан Республикасының 30 мамыр Көлік және коммуникациялар министрлігі
-
8. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі атынан ресми кешкі ас ұйымдастыру 2002 жылғы Қазақстан Республикасының 11 маусым Көлік және коммуникациялар министрлігі
-
9. Делегациялардың жүру бағыты бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 10-11 маусым Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің машиналарымен алып жүру 2002 жылғы Қазақстан Республикасының 10-11 маусым Ішкі істер министрлігі
-

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК